

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қаңтардағы N 4 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

**"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы**

1-бап. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 ж. 7 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат; N 24, 338-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) педагогикалық кадрларды аттестаттау - педагогикалық қызметкердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатымен өткізілетін рәсім;"

5) тармақшадағы "мен біліктілік" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) мемлекеттік атаулы стипендия - Қазақстан Республикасының Президенті мен, немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын, тиісті білім бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, неғұрлым қабілетті білім алушыларды, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданушыларды оқу орнында қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысушыларды көтермелеуге арналған стипендия;"

мынадай мазмұндағы 14-1), 19-1), 21-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) бірыңғай ұлттық тестілеу - кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына түсу емтихандарымен біріктірілген жалпы орта білім беретін оқу орындардың білім алушыларын қорытынды мемлекеттік аттестаттау нысандарының б і р і ;

19-1) атаулы стипендия - облыстардың, қалалардың, аудандардың, жергілікті

атқарушы органдардың шешімдерімен, заңды және жеке тұлғалармен тағайындалатын, және тиісті білім бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, неғұрлым қабілетті білім алушыларды, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданушыларды оқу орнында қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсенді қатысушыларды көтермелеуге арналған стипендия;

21-1) кешенді тестілеу - ақпараттық технологияларды қолдану арқылы бір мезгілде бірнеше оқу пәндері бойынша өткізілетін емтихан нысаны;"

22) тармақшадағы "жоғары сатыдағы" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 27-1) тармақшамен толықтырылсын:

"27-1) білім беру мониторингі - білім беру процестерін жүзеге асырудың нәтижелері мен шарттарының, білім алушылардың контингентінің, білім беру жүйесіндегі білім ұйымдарының желілер мен өзге де объектілердің жай-күйін және өзгерістер серпінінің, талдау, бақылау және болжау, бақылаудың жүйелі стандартталған нысанын білдіреді;"

мынадай мазмұндағы 28-1) тармақшамен толықтырылсын:

"28-1) білім алушыларды аралық аттестаттау - бір оқу пәнінің оны бітіргеннен кейінгі қандай да бір бөлігінің немесе барлық көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсімі;"

39) тармақшадағы "толық көлемінде" деген сөздер "осы Заңда көзделген шекте" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 39-1) тармақшамен толықтырылсын:

"39-1) штаттық оқытушы - білім беру ұйымының штаттық кестесінде көзделген лауазымда қызмет атқаратын және белгіленген жұмыс уақыты ішінде жеке еңбек шартының негізінде лауазымдық міндеттерін орындайтын оқытушы;"

40) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"40) экстернат - білім алушылардың сабақтарға үнемі қатыспай-ақ білім беру бағдарламасына сәйкес пәндерді өз бетінше оқу нысандарының бірі;"

41-1) тармақшада "жұмыс істейтін орта оқу орны" деген сөздер "білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың 2-тармағында "осы деңгейлердің" деген сөздерден кейін "(олардың сатыларының)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 6 - б а п т а :

1-тармақта төртінші және алтыншы абзацтары алынып тасталсын;

2-тармақта "меншік нысандарына, үлгілер мен түрлеріне қарамастан барлық білім беру ұйымдары" деген сөздер "білім беру қызметін жүзеге асыратын барлық заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9 - б а п т а :

2-тармақтағы "ол мерзімі біткен, қайтарылып алынған немесе", "жарамсыз деп танылған кезден бастап" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтың екінші бөлімі "мемлекеттік аттестаттаудың" деген сөз "

аккредитациялау" деген сөзбен ауыстырылсын;
6-1-тармақ алынып тасталсын;
5) 1 2 - б а п т а :

тармақ мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшаларымен толықтырылсын:

"6) штаттық оқытушылардың бар екенін растайтын құжат;
7) жеке оқу-материалдық базасының барлығын растайтын құжаттар.";
8-тармақтың үшінші бөлімінде мынадай мазмұндағы абзац толықтырылсын:
"лицензиаттың лицензия алу кезінде кернеу жалған ақпарат беру.";

6) 1 3 - б а п т а :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Білім беру ұйымдарына білім алушылар мен тәрбиеленушілерді қабылдаудың жалпы талаптары";

2 мен 3 тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Құрылтайшы бастауыш жалпы, негізгі жалпы, жалпы орта білім беру сатыларында білім беру ұйымдарына қабылдаудың осы аумақта тұратын тиісті сатыда білім алуға құқығы бар барлық азаматтардың қабылдануын қамтамасыз ететін тәртібін белгілейді, сондай-ақ кәсіптік бастауыш білім беретін білім беру ұйымдарында.

3. Азаматтарды кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына қабылдау конкурстық негізде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады. Конкурстың шарты азаматтардың білім алу құқығын сақтауға кепілдік беруі және тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын меңгеруге неғұрлым қабілетті және дайын азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуі тиіс. Қабылдау тәртібін тиісті деңгейдегі оқу орнына қабылдаудың типтік ережелері белгілейді.

К о н к у р с :

1) ағымдағы жылдың бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижелері бойынша берілген сертификаттарының балдары негізінде;

2) бірыңғай ұлттық тестілеуге қатыспаған азаматтар үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттарының балдары негізінде.

"Алтын белгі" белгісімен марапатталған оқушылардың мемлекеттік білім беру грантын алуға құқығы бар және олар Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына конкурстан тыс бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижелері бойынша берілген сертификаттар негізінде қабылданады. "Алтын белгі" белгісі туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Жалпы орта, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың ағымдағы жылғы жеңімпаздары болып табылатын (I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталған) түлектері, сондай-ақ республикалық және халықаралық орындаушылар конкурстарының (I, II, III дәрежелі дипломдарымен

марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары таңдаған мамандықтар олимпиаданың, ғылыми жарыстың, конкурстың олар жеңімпаз болып табылатын пәніне сәйкес келген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік білім беру гранттарын алуға құқығы бар және жоғары оқу орындарына конкурстан тыс бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижелері бойынша берілген сертификаттар негізінде қабылданады.

Білім беру гранттары мен несиелер білім алуға конкурс өткізу кезінде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесінің қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуына болатын бірінші және екінші топтағы мүгедектердің, бала кезінен мүгедектердің және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар азаматтардың басым құқығы болады.";

мынадай мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына оқуға түскен кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді:

- 1) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын белгілейтін мамандықтарға арналған ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін;
- 3) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар мен балалар үшін."

7) 14 - б а п т а :

1-тармақтағы "барлық деңгейдегі" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақта "бітірушілерді" деген сөз "білім алушыларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 14-1-баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру

Оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмыс жүзеге асырылады."

9) 15 - б а п т а :

2-тармақта "білім беру ұйымдарының оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен" деген сөздер "білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес жұмыстық оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың бірінші бөлімі "келіседі" деген сөз "бекітеді" деген сөзбен ауыстырылсын, "өтудің" деген сөзден кейін "келісілген" деген сөзбен толықтырылсын;

10) 18-баптың 8-тармағы "(эксперименттік алаңдарда)" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

11) 20-баптың 4-тармақтың екінші бөліміндегі "істері" деген сөз "құқықтарын қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 23-баптың 4 тармағында "мектепке дейінгі ұйымда немесе мектепте" деген сөздер "мектепалды топтарында немесе жалпы білім беру мектептің мектепалды сыныптарында және гимназияда" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 24-баптағы 6-тармақтың төртінші бөлімі "белгіленген тәртіпте берілген білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1 4) 2 5 - б а п т а :

3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөлімдермен толықтырылсын:

"Жоғары оқу орындарының филиалдары мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарының әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми пәндері циклдарының көлемінде кәсіптік білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Білім алушылардың мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарының жалпы кәсіптік және арнайы пәндер жөніндегі оқу бағдарламаларын меңгеруі филиал құрған жоғары оқу орындарында жалғастырылады.";

б - т а р м а қ т а :

"қысқартылған, жеделдетілген білім бағдарламалары бойынша" деген сөздер "қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша, жеделдетілген оқыту мерзімінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қысқартылған мерзімде" деген сөздер "қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша жеделдетілген оқыту мерзімінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 27-бап және оның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Қосымша кәсіптік білім беру

1. Кәсіптік білім берудің әрбір сатысының шегіндегі қосымша кәсіптік білім берудің негізгі міндеттері технологиялар мен өндірісте жүріп жатқан өзгерістерге байланысты оларға қойылатын талаптарды үздіксіз арттыруды ескере отырып, жұмысшылардың, қызметшілердің, мамандардың біліктілігін үздіксіз арттыру, еңбек рыногы құрылымының өзгеруіне байланысты қосымша біліктіліктер алу жолымен кәсіби білімді, дағдылар мен біліктілікті тереңдету, және кәсіби мүмкіндіктерді кеңейту б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Қосымша кәсіптік білім берудің негізгі нысандары біліктілікті арттыру және кадрларды қайта даярлау болып табылады.

3. Қосымша білім беру бағдарламаларын белгіленген тәртіпте берілген білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар білім беру ұйымдары, ғылыми ұйымдар мен қосымша білім беру ұйымдары бекітеді және іске асырады.

4. Қосымша кәсіптік білім беру бюджет қаражаты есебінен де, ақылы негізде де жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Білім беру ұйымдарының педагогикалық және ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру кемінде бес жылда бір рет мерзімділікпен жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мәселелері Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.";

16) 28-баптың 4-тармағы алынып тасталсын;

17) 29-бапта мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) білім беру мониторингін жүзеге асыру тәртібін белгілейді;"

18) 30-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2), 3-3), 3-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) білім сапасын басқаруды жүзеге асырады; білім сапасын бағалау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, техникалық және технологиялық нормаларды бекітеді;

3-2) білім беру қызметінің мониторингін және білім беру жүйесін ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесін бекітеді;

3-3) типтік (базистік) оқу бағдарламаларының және білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу жоспарларын әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;

3-4) оларды сырттай, кешкі нысандарда және экстернат нысанында алуға жіберілмейтін кәсіптер мен мамандықтар тізбесін бекітеді; кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат береді;"

5) пен 8) тармақшаларда "мемлекеттік комитеттермен" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) білім алушылардың үлгіріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау өткізудің нысандары мен тәртібін әзірлейді және бекітеді. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша бірыңғай ұлттық тестілеу мен кешенді тестілеуді өткізудің технологиясын бекітеді;"

9-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1) білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тәртібін бекітеді;"

11) тармақшадағы "әдебиеттерді" деген сөзден кейін ", оның ішінде электрондық тасушыдағы, " деген сөздермен толықтырылсын;

13) "республикалық бюджеттен қаржыландыру" деген сөздер "бюджет қаражаттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) тармақшада "ережелерін" деген сөзден кейін ", сондай-ақ білім беру қызметтерін өтеусіз көрсетудің шарттың үлгі нысанын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 14-1), 16-1), 19-1), 21-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстырудың және қалпына келтірудің е р е ж е л е р і н б е к і т е д і ;

16-1) оқуды аяқтамаған азаматтарға берілетін анықтама нысанын бекітеді; білім беру қызметінде білім беру ұйымдарында пайдаланылатын қатаң есептегі құжаттардың нысанын әзірлейді және бекітеді;

19-1) жоғары оқу орындарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің (профессорлық-оқытушылық құрам, ғылыми қызметкерлер) лауазымдарына конкурстық орналасудың ережесін бекітеді;

21-1) педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесін бекітеді;"

1 9) 3 3 - б а п т а :

3 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары оқу орындарының білім алушылар контингентін қалыптастыру тиісті үлгідегі Оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелеріне сәйкес бірыңғай ұлттық тестілеудің, кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша берілген сертификаттар балдарының конкурсының негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы ; " ;

5) пен 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) білім беру процесі мен білім беру технологияларының әдістемелерін, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану және жетілдіру;

6) білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен білім алушылардың үлгіріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу;"

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

"9-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды қамтамасыз ету;"

15) пен 17) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"15) қоғамдық өзінше қызмет көрсету және қоғамдық өзін-өзі басқару, қоғамдық бірлестіктер органдарының қызметіне жәрдемдесу;

17) Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органына ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге тиісті оқу орнының доценті және профессоры академиялық атақтарын беру туралы ұсыныс жасау;"

2 0) 3 4 - б а п т а :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Білім беру ұйымдарының кеңесі (ғылыми кеңес), қамқоршылық кеңес, педагогикалық әдістемелік, (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес және басқа да нысандар білім беру ұйымын алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады.

Алқалы басқару органдарын сайлау тәртібін қоса алғанда олар туралы Ережені білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітеді.";

6-тармақтағы "Мемлекеттік" деген сөздер алынып тасталсын;

22) 35-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"35-бап. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау жасау

1. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау азаматтардың білім алуға құқығының сақталуын қамтамасыз етуге және негізгі және қосымша білім бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың олар жүзеге асыратын білім беру қызметінің білім беру саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігін, мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарын және олардың алған лицензияларындағы талаптарды сақтауына бағытталған, және білім беруді мемлекеттік басқару органдарымен өз құзыретінің шегінде жүзеге асырылады.

2. Білім беру саласындағы мемлекеттік бақылау объектілері:

1) негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметі;

2) білім алушылардың тиісті білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейі болып табылады.

3. Мемлекеттік бақылаудың негізгі түрлері:

1) білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау;

2) білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау;

3) білім беру ұйымдарын аккредитациялау;

4) лицензиарлардың лицензия талаптарын, сондай-ақ лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын сақтауына бақылау;

5) білім беру қызметін, Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамаларын жүзеге асыратын заңды тұлғалардың сақтауына бақылау жасау болып табылады.

4. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау мен аккредитациялау білім беруді басқарудың тиісті мемлекеттік органдары бекіткен жоспарларға сәйкес бес жыл да бір рет өткізіледі.

Білім беру ұйымдарын аккредитациялау мемлекеттік аттестаттаудың нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аттестаттаудан өтпеген білім беру ұйымының білім алушыларды оларға білімі туралы құжаттарды бере отырып бітіртуге құқығы жоқ.

5. Заңды тұлғаларға білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беретін уәкілетті білім беруді басқарудың мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен лицензиаттардың өз қызметінде білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарды сақтауын, сондай-ақ берілген лицензия талаптарын орындауын тексеруді жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік аттестаттау және аккредитациялау өткізуге жұмсалатын шығыстар

білім беру ұйымдарының қаржы есебінен жүзеге асырылады.";

22) мынадай мазмұндағы 35-1-бап толықтырылсын:

"35-1-бап. Білім беру жүйесінің басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз ету

1. Білім беруді басқару жүйесін толық, дұрыс, салыстырмалы ақпаратпен уақытылы қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында білім беруді тиімді басқарудың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылады және әрекет етеді.

2. Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі туралы ақпарат өзіне белгіленген көрсеткіштер бойынша білім беру жүйесіндегі есептің деректерін, білім беру мониторингі деректерін және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы, білім беруді басқарудың жергілікті мемлекеттік органдары, білім беру ұйымдарының өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде алған басқа да деректерін қамтиды." ;

23) 36 - бапта :

1-тармақта мынадай мазмұндағы үшінші бөлім толықтырылсын:

"Азаматтардың кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына ақылы оқуға түскен кезінде білім беру ұйымы олармен білім беру қызметін өтеусіз көрсету шартын жасасуға міндеті";

3 - тармақтың :

б) тармақшасы "оқулықтармен" деген сөзден кейін "және оқу-әдістемелік кешендермен" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын;

"4-1. Медициналық көрсеткіштер бойынша және басқа да айрықша жағдайларда білім алушыға Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген мерзімге және тәртіппен академиялық демалыс берілуі мүмкін.";

7-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөлімдермен толықтырылсын :

"Білім беру ұйымдарының білім алушыларына Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен берілген мемлекеттік атаулы стипендиялар тағайындалады және төленеді.

Заңды және жеке тұлғалар тағайындайтын атаулы стипендиялар кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарында оқытудың күндізгі нысанында білім алушыларға беріледі.

Атаулы стипендиялар мөлшерін және оларды төлеу тәртібін оларды тағайындаған органдар мен тұлғалар белгілейді.";

10-тармақтың бірінші бөлімінде "отбасы үлгісіндегі" деген сөздер "жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылатын отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарын, жасөспірімдер үйлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) 39-баптың 2-тармағындағы "құқығы" деген сөзден кейін "(жоғары оқу орындарынан басқа)" деген сөздермен толықтырылсын;
2 5) 4 0 - б а п т а :

2-тармақ "белгіленеді" деген сөздің алдынан "мамандығы бойынша жұмыс стажы ескеріле отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша ", жалпы білім беру мектептің мектепалды сыныптары мен гимназия" деген сөздермен толықтырылсын;

7 және 8-тармақтар "және білім беру ұйымының жарғысында бекітіледі" деген сөздермен толықтырылсын;
2 6) 4 1 - б а п т а :

3-тармақтың 2) тармақшасы "білім беру" деген сөздермен толықтырылсын;
4 - 1 - т а р м а қ т а :

"білім беру мамандарына" деген сөздер "педагог қызметкерлерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мамандардың" деген сөз "педагог қызметкерлердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) кемінде бес жылда бір рет аттестаттаудан өтеді";
2 7) 4 2 - б а п т ы ң :

1-тармағы мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің (профессорлық-оқытушылық құрам, ғылыми қызметкерлер) лауазымдарына орналасуы конкурстық негізде жүзеге асырылады.";
2 8) 4 3 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1. Білім беру ұйымдарының білім беру процесінің әр түрлі әдістерінің білім бағдарламалары мен білім беру технологияларын, оның ішінде қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыру кезінде пайдалануы қаржыландыру нормативтерін ұлғайтуға соқтырмайды.";

4-тармақтың бірінші бөлімінде "республикалық және жергілікті бюджет қаражаты" деген сөздер "бюджет қаражаты" деген сөздермен ауыстырылсын";

29) 44-баптың 3-тармағы алынып тасталсын;
3 0) 4 5 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

екінші бөлім "жұмыс бағасы" деген сөздерден кейін ", табысты бөлу тәртібі" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлім алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК